



БҰЙРЫҚ

2025 жыл 02 сәуірі

Шахтинск қаласы

ПРИКАЗ

№ *89 к/з*

город Шахтинск

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Санжар Асфендияров атындағы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына:

2025-2026 оқу жылында мектепте келесі іс-шараларды ұйымдастырсын:

1.1. Мектептің әр түрлі қажеттіліктеріне оқушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарынан (немесе басқа заңды өкілдерінен) заңсыз ақша жинауға жол бермеу.

1.2. Мектептің қызметкерлерінен заңсыз ақша қаражатын жинауға (оның ішінде келісімінсіз жалақыларын ұстап қалуға) жол бермеу.

1.3. Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңнамасын бұзуға жол бермеу.

1.4. Оқушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты аясында ақылы білім беру фактілерін болдырмау.

1.5. Ақылы білім беру қызметін жүзеге асыру арқылы алынған қаржы қаражаттарын, сондай-ақ демеушілік және қайырымдылық арқылы түскен қаржыларды тиісті есепке енгізуді қамтамасыз ету.

1.6. Демеушілік және қайырымдылық арқылы берілген материалдық құндылықтарды кіріске алуды қамтамасыз ету.

1.7. Ақылы білім беру қызметінен түскен қаржы қаражаттарын, сондай-ақ демеушілік және қайырымдылық арқылы алынған қаражаттарды Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес пайдалану.

1.8. Мектеп ішінде жеке мерекелерді (мерейтойлар, туған күндер, тойлар және басқа да жеке іс-шараларды) өткізуді болдырмау.

1.9. Мектептегі бөлмелерді заңсыз жалға беруге жол бермеу.

1.10. Балаларды даярлық тобына және мектепке қабылдау кезінде қабылдаудың типтік ережелерін, мемлекеттік қызмет стандарттарын және білім беру мекемесінің жарғысын басшылыққа алу.

1.11. Мектеп оқушылары мен тәрбиеленушілерінің ата-аналарына (немесе заңды өкілдеріне) көрнекі жерге ақылы қызмет көрсету тәртібі, төлемдер мен көмекке шақыру шарттары туралы толық әрі объективті ақпаратты орналастыруды қамтамасыз ету.

1.12. Ақылы қызметті ұйымдастыру барысында еріктілік қағидатын сақтау.

1.13. Мектеп оқушылары мен тәрбиеленушілерінің ата-аналарына (немесе олардың заңды өкілдеріне) ақша қаражаттары мәселелері бойынша «сенім телефоны» тұрақты қызметін ұйымдастыру.

1.14. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің мектеп қызметіне заңсыз араласу фактілерін болдырмау жөнінде шаралар қабылдау.

1.15. Білім беру ұйымындағы оқушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарына (немесе олардың заңды өкілдеріне) осы бұйрықты таныстырып жеткізу.

1.16. Осы бұйрықтың талаптарын бұзған қызметкерлерге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жаза қолдану.

1.17. Білім беру мекемелеріндегі оқушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарына (немесе олардың заңды өкілдеріне) осы бұйрықпен таныстырып, жеткізу.

1.18. Осы бұйрықты бұзған қызметкерлерге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жаза қолдану.

2. 2024 жылғы 22 қыркүйек №78 н/қ бұйрықтың күші жойылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалу жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының м.а. Н.Қ. Исабаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын өз міндетіме аламын.

Негіздеме: Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Директор

бұйрықпен таныстырылды:

Н.Қ.Исабаева



А.Есмаганбетов